

Ордабасы аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 4/2 "Ордабасы ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 10 қазандағы № 8/1 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 02 қарашада № 2122 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 12/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 31.01.2013 № 12/2 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызмет стандартының 6, 11 тармақтарына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «Ордабасы ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» Ордабасы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 4/2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-8-127 тіркелген, 2012 жылғы 10 мамырдағы «Ордабасы оттары» газетінің № 22 санында жарияланған) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

аталған шешімнің 1 тармағы келесі мазмұндағы 11) тармақшамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«11) жан басына шаққандағы орташа айлық табысы кедейлік шегінен төмен отбасыларға ірі қара мал алу үшін біржолғы 92 айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е . » .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен
тыс VIII сессиясының төрағасы: С.Алтыбаев*

Аудандық мәслихат хатшысы:

П.С.Жұрман

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК